



Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілері жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 тамыз 1994 ж. N 896. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 258 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.04.2021 № 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде қызметтік өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілерін жасау жөніндегі қатынастарды ретке келтіру, сол сияқты қызметкердің, жұмыс беруші мен мемлекеттің заңды мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілері туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, концерндер, ассоциациялар, бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар мен республиканың басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілері 1995 жылдың 1 қаңтарына дейін қызметтік өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілерін жасау, құқықтық қорғау және пайдалану бойынша қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы бұрын жасалған еңбек шарттарын (контрактыларын) аталған Ереженің талаптарына сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 тамыздағы
N 896 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік
өнертабыстар, пайдалы модельдер мен
өнеркәсіп үлгілері туралы
Ереже**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Патент заңына сәйкес әзірленіп, қызметтік өнертабыстардың, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді (бұдан әрі - қызметтік өнертабыстар) пайдалану тәртібін айқындайды және

өнертабыстықты ынталандыруға, өнеркәсіп меншігіндегі тиісті объектілердің қызметкер-авторларының, оларға жұмыс берушілер мен қоғамның мүдделер теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

1. Қазақстан Республикасы Патент заңының 9-бабына сәйкес қызметкерлердің өз қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты орындалған немесе қызметкердің кәсіпорын ерекшелігіне қатысты техникалық білімдерді немесе құралдар көмегімен жүзеге асырылған өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне алдын ала патент және пайдалы модельге патент алу құқы - егер оларға құқық берілуі еңбекке жалдау шартында көзделсе және басқадай ештеңе қарастырылмаған болса, жұмыс берушіге тиесілі.

2. Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар қызметкерлерінің, ұйымдар, мекемелер қызметшілерінің (мұның ішінде әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің) өздерінің қызметтік және еңбек міндеттерін, сондай-ақ жұмыс істеушінің жұмыс берушіден алған өндірістік, ғылыми-зерттеу, көркем-графикалық және басқа да сипаттағы тапсырмаларын орындау процесіндегі шығармашылық еңбегімен жасалған өнертабыстары қызметтік деп танылады.

3. Осы Ереже мағынасында жұмыс берушіні тізімдік құрамында негізгі жұмыс орны немесе қызметі ретінде қызметкерлері бар және жұмыс саласында қызметтік өнертабыстар жасалынатын және (немесе) пайдаланылатын кез-келген меншік нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар, әскери бөлімдер, мекемелер деп түсіну керек.

Осыған орай осы Ереженің мәнінде қызметкер ретінде жұмыс берушідегі жұмысы негізгі болып саналатын және қызметі тарифтік-біліктілік сипаттарымен , қызметтік бұйрықтары және қызметтік нұсқауларымен өнертабыс жасау үшін жұмыс берушінің тәжірибесін, ақпаратын, құрал-жабдықтарын, материалдарын, техникалық және басқа да құралдарын пайдалануға мүмкіндік беретін жұмыс берушінің негізгі ғылыми немесе өндірістік қызметіне тікелей байланысты жеке адам танылады.

4. Аталмыш Ереже азаматтық-құқықтық шарттың негізінде өнертабыс, пайдалы модель немесе өнеркәсіп үлгісін жасаған тапсырыс беруші мен орындаушының өзара қарым-қатынасына қолданылмайды.

5. Қызметтік өнертабыстың меншік құқына қарамастан қызметкерге мерзімсіз қорғалатын, ажырағысыз жеке авторлық құқық тиесілі.

6. Еңбекке жалдау шартына қызметтік өнертабысты пайдалану жағдайын талап етуді енгізу немесе ол жөнінде шартты толықтыратын жеке келісім жасау талабы қызметкердің де, сондай-ақ жұмыс берушінің де тарапынан туындауы мүмкін.

7. Еңбекке жалдау шарты немесе осы шартты толықтырушы жеке келісімде қызметтік өнертабыстарға қатысты тараптардың құқықтарына байланысты пәтуэлар болмаған жағдайда жұмыс берушіде жұмыс істеген кезеңде қызметкер жасаған қызметтік өнертабыстарға алдын ала патент және патент алу құқы қызметкерге тиесілі болады.

8. Қызметтік өнертабыстар хақындағы тараптардың құқыларына қатысты бұрын жасалған еңбекке жалдау шартына тиісті қосымшалар енгізу жөніндегі жұмыс берушінің ұсынысынан қызметкердің бас тартуы еңбек заңдарында және ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде қарастырылған еңбекке жалдау шартын бұзуға дейінгі тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға негіз бола алады.

Еңбек шартына тиісті қосымша жәйттер енгізу жөніндегі жұмыс берушінің ұсынысын алғанға дейінгі қызметкер жасаған өнертабысқа деген барлық құқық қызметкерге тиесілі.

9. Осы Ереженің 1, 6-тармақтарында көрсетілген шарт немесе келісім маңызды тармақтар есебінде оның тараптары, шарттың жасалған уақыты мен орны, қолданылу мерзімі, қызметкердің қызмет аясына қатысты ғылым мен техника салалары, оның лауазымы, өнертабыстық еңбекке ақы төлеу шарттары жөнінде мәліметтер болуы тиіс. Қызметкер мен жұмыс беруші арасында аталған жағдайлар бойынша келісімге қол жеткізбейінше шарт жасалмаған болып саналады.

Егер өнертабыстар қызметкердің бұрынғы қызмет аясына қатысты болса және оларды жасау кезінде кәсіпорынның ерекшелігін құрайтын техникалық білімдер немесе құралдар пайдаланылса, жұмыс берушімен еңбек қатынастарын тоқтатқаннан кейінгі бір жыл ішіндегі қызметкердің қызметтік өнертабысына деген құқы шартта немесе келісімде жұмыс берушіде сақталуы қарастырылуы мүмкін.

Шартта басқа да жағдайлар қатарында ерекше жеке жұмыс тәртібі, материалдармен, қаржымен және көмекшілермен қамтамасыз етілуі, әлеуметтік сипаттағы қосымша кепілдіктер жөнінде де нұсқаулар болуы мүмкін.

10. Қызметкер - қызметтік өнертабыс авторы оны жасағаннан кейін бір ай ішінде бұл жайында жұмыс берушіні хабардар етеді немесе жұмыс беруші белгілеген тәртіппен өнертабысты тіркеуден өткізеді.

Егер қызметтік өнертабысты бірнеше автор жасаған болса, онда олар жұмыс берушіге бірлескен мәлімдеме жолдайды.

11. Қызметтік өнертабыс жасалғаны жөнінде автордың жұмыс берушіге мәліметінде:

автордың (авторлардың) фамилиясы, аты, әкесінің аты және атқаратын қызметі;

қызметтік өнертабыстың атауы;

оны жасаған жағдай мен жердің атауы, қолданылмақ саласы;

өнертабыстың мәнін, санатын айқындап және жұмыс берушінің қызметіне жарамдылығын бағамдап көрсеткен толық, жеткілікті дәрежеде жазылған сипаттамасы болуы тиіс.

Егер сипаттама толық болмаған жағдайда жұмыс берушінің қызметкерден қызметтік өнертабыс жөнінде қосымша материалдар талап етуге құқы бар, ол қосымша материалдарды сұрау салған күннен бастап бір ай ішінде табыс етеді.

12. Жұмыс беруші он күн мерзім ішінде қызметкерге мәлімдемені алғаны жөнінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті және жасалған қызметтік өнертабыс жөнінде мәлімдеме алған күннен бастап төрт ай ішінде оны пайдалану тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосына (бұдан әрі - Қазпатент) өтініш беру арқылы құқылық қорғалуын патент алу құқын өзге адамға беруі немесе оны құпия ұстау жөнінде шешім қабылдауды айқындайды.

Егер қызметкер жұмыс берушінің тиісті қызметтік өнертабыс жасағаны жөнінде хабардар етпесе, онда осы тармақта көрсетілген төрт айлық мерзім жұмыс берушіге өнертабыс туралы мәлім болған күннен басталады.

Қызметтік өнертабысқа қатысты өздерінің құқықтарын қамтамасыз ету үшін тараптардың ешқайсысы бұл жөнінде өзге тарапты хабардар етпей тұрып, Қазпатентке өтінім бермеуі тиіс.

13. Қызметтік өнертабыстың жасалуы жөнінде мәлімдеме жасау тәртібін бұзған қызметкер бұл үшін шарт жағдайларында қарастырылған жауапкершілікке (тәртіптік, материалдық) тартылады.

Аталған жауапкершілікке тарту қызметкерді мәлімдеу тәртібін бұзу нәтижесінде жұмыс берушіге келтірген шығындарды азаматтық-құқық тәртіппен орнын толтырудан босатпайды.

14. Егер жұмыс беруші қызметтік өнертабыстан бас тартса, бұл турасында он күн ішінде қызметкерге жазбаша түрде мәлімдесе немесе қызметкері жасаған өнертабыс жөнінде мәлімдеген күннен бастап төрт ай ішінде Қазпатентке өтінім жасамаса, өтінім беру құқын өзге адамға бермесе әрі қызметкерге объектіні құпия сақтау жөнінде хабарламаса, онда қызметкер өтінімді өзі беріп, патентті (алдын ала патентті) өз атына алуға немесе жасалынған шарт негізінде оның құқын үшінші бір адамға беруге қақысы бар.

Қызметтік өнертабыс құқы қызметкерге бұлайша өткен жағдайда жұмыс беруші тиісті қызметтік өнертабысты өз өндірісінде лицензиялық келісім негізінде пайдалануға құқылы.

15. Қызметкер қажетті декларацияларға, мәлімдемелер мен өзге де талап етілетін құжаттарға қол қоюды қоса алғанда, өнертабысқа өтінім жасау материалдарын рәсімдеуге қатыса отырып, жұмыс берушінің Қазақстан

Республикасының алдын ала патентін (патентін) және басқа да елдердің қорғау құжаттарын алу бойынша барлық қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға міндетті.

Жұмыс беруші қарауға қабылданған өтінім бойынша істің жүру барысы жөнінде қызметкерге хабарлайды, сондай-ақ еңбекақысын сақтап, оны негізгі жұмысынан толық немесе ішінара босатып, оның қызметтік өнертабысты пайдалануға әзірлік жұмысына қатысуына мүмкіншілік береді.

16. Қызметкерге жасаған қызметтік өнертабысына сыйақы төлеу осы Ереженің 1, 6, 9-тармақтарында қарастырылған шарт негізінде айқындалған шарттар мен мөлшерде, сондай-ақ жұмыс беруші мен нақты қызметтік өнертабыс жасауға шығармашылық тапсырма алған кезде қызметкердің арасында жасалған жеке шартпен белгіленеді. Мұндай жағдайда аталған шарттарда сыйақының екі түрі - қызметтік өнертабысты жасағанына ынталандыру және осы өнертабысты пайдаланғаны үшін негізгі сыйақылар төлеу қарастырылуы тиіс.

17. Жұмыс беруші жұмыс берушінің өндіріс бейімі немесе оның ғылым мен техниканың бағыттарына байланысты өнертапқыштардың шығармашылық ерекшелігін ескеретін қызметтік өнертабыстарына сыйақы төлеу жөніндегі Ережені бекіте алады. Мұндай жағдайларда осы ереженің 1, 6, 16-тармақтарында қарастырылған шарттарда аталмыш кәсіпорындарда, ұйымдарда бекітілген сыйақы төлеу жағдайымен немесе олардан басқаша төлем ақы шарттарымен өнертапқыштардың келісімі туралы тармақ болуы тиіс.

18. Қызметкерге ынталандыру сыйақысы қызметтік өнертабысты жасағанына беріледі және бұл қызметкердің өзіне қабылдаған міндеттемелері мен жұмыс берушінің нұсқауларын дер кезінде орындауына, өнертабысты жасау кезіндегі қызметкердің біліктілігі мен күш-жігеріне, мұндай объектіні жасауға жұмыс берушінің және үшінші жақтың қосқан үлесінің дәрежесіне байланысты болады. Ынталандыру сыйақысының мөлшері жұмыс берушінің қызметтік өнертабысты құқылық қорғау, оны пайдалану немесе пайдаланудан бас тартуға шешім қабылдаған күніндегі Қазақстан Республикасында белгіленген есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09.

№ 987 қаулысымен.

19. Қызметтік өнертабысты жұмыс беруші өндірісте пайдаланған немесе өнертабысқа лицензияны үшінші біреуге сатқан жағдайда немесе қызметтік өнертабысты пайдаланудан нақты табыс тапқан жағдайларда қызметкер жұмыс берушінің алған пайдасымен мөлшерлес сыйақы алуға құқылы. Сыйақы мөлшері бұрын төленген ынталандыру сыйақысын, жұмыс берушінің ақыл-кеңес жолымен өнертабысты жасауға қосқан үлесін, жұмыс берушінің жұмысынан тыс қызметкер үшін қол жетпейтін ақпараттарды, материалдық, қаржылық және техникалық құралдардың берілуі ескерілген келісіммен айқындалады.

20. Қазақстан Республикасы Патент заңының 33-бабына сәйкес осы Ереженің 1, 6, 16, 19-тармақтарында қарастырылған шарттар жасасу кезінде қызметкер мен жұмыс берушінің арасында пайда болған сыйақы төлеу жөніндегі дауларды Қазақстан Республикасының тиісті соттары қарайды.

21. Егер қызметтік өнертабысты одан әрі пайдалану кезінде ақы төлеудің бұрын белгіленген мөлшеріне ықпал ететін елеулі өзгерістер туған жағдайда оның мөлшері қызметкердің немесе жұмыс берушінің талабы бойынша өзгертіледі.

Мұндай жағдайда сыйақының бұрын белгіленген мөлшері негізінде алынған соманы қызметкер қайтарып беруі міндетті емес.

Қызметкерге сыйақы барлық тиесілі соманы бір жолғы төлеу немесе мерзімді төлемдер арқылы жүзеге асырылады.

22. Қызметкер қызметтік өнертабысты тиімді пайдалануға қажетті, сондай-ақ оған енгізілген барлық жетілдірулер жөнінде жұмыс берушіге барлық мәліметті хабарлауға міндетті.

Қызметкер мен жұмыс беруші қызметтік өнертабыстар жөніндегі кез-келген мәліметті жария етпеуге міндетті.

23. Жұмыс беруші қызметтік өнертабысқа патенттің (алдын ала патентті) қолданылуын тоқтату жөнінде шешім қабылдаған жағдайда ол қызметкерге дер кезінде аталмыш патент (алдын ала патент) құқығын алу үшін шарт жасасуға ұсыныс жасауға міндетті.

24. Мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар жекешелендірілген жағдайда немесе мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік иесі өзгерген жағдайда қызметтік өнертабыстар жөніндегі барлық құқықтар мен міндеттер олардың заңды мұрагерлеріне көшеді.